Бекітемін
№92 «Жауқазын» балабақшасының
меңгерушісі м.у.а
_____ А.Т. Молдахметова
«04» қаңтар 2026 ж

Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Қамқоршылық – білім беру жүйесінің дамуын, гуманитарлық қызмет түрлерін (білім беру, ғылым, мәдениет және өнер, спорт және денсаулық сақтау) қолдауға байланысты әлеуметтік белсенділік саласы.

1.2. Қамқоршылар – қамқоршылық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

1.3. Қамқоршылық кеңес – мемлекеттік-қоғамдық бірлесіп басқару нысандарын дамыту және білім беру мекемелері мен гуманитарлық қызметті қолдауға қосымша қаржы ресурстарын тарту мақсатында құрылатын қоғамдық бірлестік.

1.4. Қамқоршылық қолдауды алушылар – Қазақстан Республикасының өскелең ұрпағын дамытуға байланысты білім беру және гуманитарлық қызметті қамқоршы бөлген және тартқан қаражат есебінен жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

1.5. Осы Қамқоршылық кеңес туралы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.6. Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) мектепке дейінгі ұйымды (бұдан әрі – МДҰ) алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады. Қамқоршылық кеңес заңды тұлға мәртебесін иеленбей, білім беру ұйымының Жарғысы мен осы Ереже негізінде қызмет етеді.

1.7. Қамқоршылық кеңестің мақсаты:

- білім беру ұйымының жарғылық міндеттерін жүзеге асыруына жәрдемдесу;
- білім беру бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында тәрбиеленушілер мен білім беру ұйымының педагогикалық ұжымына қажетті жағдайлар жасау;
- білім беру ұйымына қаржылық қолдау көрсету және оның материалдық-техникалық базасын нығайту;
- білім беру ұйымының одан әрі дамуына жәрдемдесу.

1.8. Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері:

- білім беру ұйымы қызметінің сапасын жетілдіруге және ашықтығын арттыруға бағытталған бастамаларды ұсыну және талқылау;
- білім беру ұйымының материалдық-техникалық және оқу базасын нығайтуға және жетілдіруге, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға жәрдемдесу;
- білім беру процесін жүзеге асыруға қажетті жағдайларды жетілдіруге, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауға жәрдемдесу;

- мектепке дейінгі ұйым мен жұртшылықтың тиімді өзара іс-қимыл жасауына жағдай жасау;
- білім беру ұйымының білім беру, қаржылық және кадрлық әлеуетін арттыру;
- білім беру ұйымына берілген бюджеттен тыс қаржылық және материалдық қаражатты ашық әрі тиімді пайдалану тетіктерін қалыптастыру;
- білім беру ұйымын дамытудың басым бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға, материалдық-техникалық базасын жетілдіруге қосымша қаржы қаражатын тарту;
- тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы

2.1. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

1. жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
2. жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің өкілдері;
3. коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болған жағдайда);
4. ата-аналар комитеті ұсынған, осы білім беру ұйымындағы әрбір жас тобынан тәрбиеленушілердің бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
5. қайырымдылық жасаушылар (бар болған жағдайда) кіреді.

Қамқоршылық кеңес құрылған білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатысады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 51-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Қамқоршылық кеңестің құрамына кірмейді.

2.2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Кеңес мүшелері бір-бірімен және осы білім беру ұйымының басшысымен жақын туыстық немесе жекжаттық қатынаста болмауы керек.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі – бір жыл. Қамқоршылық кеңестің мүшелері осы білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңес құрамындағы мемлекеттік органдар өкілдерінің саны үш адамнан аспайды.

2.3. Қамқоршылық кеңестің басшысы – Қамқоршылық кеңес отырысында ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланатын немесе қайта сайланатын төраға болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін атқармайды.

2.4. Төрағаның орынбасары мен хатшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен сайланады.

2.5. Хатшы Қамқоршылық кеңестің шешімімен сайланады және Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.

2.6. Қамқоршылық кеңестің жұмысын Кеңес сайлаған хатшы қамтамасыз етеді.

2.7. Егер Қамқоршылық кеңестің отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Кеңес шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңестің шешімі отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

2.8. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлу Кеңес отырысында айқындалады.

2.9. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз міндеттерін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

2.10. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысында енгізіліп, оның отырысында бекітіледі.

3. Қосымша бюджеттен тыс қаражатты тарту және жұмсау нысандары мен тәртібі

3.1. Білім беру ұйымына қайырымдылық көмек ерікті түрде және өтеусіз негізде көрсетіледі. Қайырымдылық көмек тек Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша осы Ережеде көзделген тәртіппен жұмсалады.

3.2. Білім беру ұйымы қабылдаған қайырымдылық көмектен түскен барлық қаражат:

1. мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотына;
2. өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған білім беру ұйымдары үшін екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа аударылады.

3.3. Қайырымдылық көмектен түскен қаражат мынадай мақсаттарға жұмсалады:

1. білім беру ұйымының тәрбиеленушілеріне әлеуметтік қолдау көрсету;
2. білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
3. спортты дамыту және дарынды балаларды қолдау;
4. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға байланысты шығыстарды жүзеге асыру.

3.4. Білім беру ұйымы жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша қайырымдылық көмек қаражатының қозғалысы мен оны пайдалану нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етеді. Тиісті есеп осы білім беру ұйымының, тиісті саланың уәкілетті органының және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында орналастырылады.

4. Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізу

4.1. Қамқоршылық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі. Хаттамаға Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

4.2. Хатшының міндеттері Қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі.

4.3. Қамқоршылық кеңестің құжаттары Кеңес төрағасында бір жыл бойы сақталады.

5. Ереженің қолданылу мерзімі

Осы Ереже білім беру ұйымының типі немесе түрі өзгертілгенге дейін қолданылады.

Нөмірленген және тігілген

_____ 1 _____ бет

(жазбаша)

«04» _____ 04 _____ 2022 жыл